



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 4  
2024

ISSN 2310-3353



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2024 ж., қазан, №4 (76)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті**

**Бас редактор: Қуанышбаев С. Б.**, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары: Жарлығасов Ж.Б.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Әлімбаев А.Е.**, философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

**Емин Атасой**, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

**Зоя Микниене**, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

**Качев Д.А.**, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

**Ксембаева С.К.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

**Лина Анастасова**, элеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

**Медетов Н.А.**, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

**Мишулина О.В.**, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

**Соловьев С.А.**, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

**Скороходов Д.М.**, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

**Сычева И.Н.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

**Ташев А.Н.**, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

**Уразбоев Г.У.**, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**  
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№4 (76), октябрь 2024 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Қуанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скорыходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

ӘӨЖ 82

*Безаубекова, А.Д.,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
Амиргалиева, Е.С., Қайырғали, Д.А.,  
«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
ББ 2-курс студенттері,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

### ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БОЛМЫСЫ

#### *Түйін*

*Өз кезінде осындай бағасын алған ақын Ф.Оңғарсынова лирикасы – қазақ әдебиеті майданындағы ұшан теңіз дүние. Ақынның сан салалы лирикалық шығармаларында сыры ашылмаған қаншама дүние жатқаны баршаға аян. Ф.Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адам ақтырары айдан сөзсіз де анық. Сондықтан осы мақсатта еңбек еткен ақын Ф.Оңғарсынова лирикасындағы әйелдер болмысы талданып, пайымдау жасау мақсатында мақала жұмысының тақырыбы етіп алынды.*

*Өнерпаздық тұлғасын дүйім жұрты танып - білген, елі мен халқына қадірі артқан, табиғат сыйлаған тала тапылған поэзия тарланбоздарының шығармашылық өрнелік мұратқа айналып, зерттелуінің өзі – ғұмырлық рухани таным занды құбылысты, 60 жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры - поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынның бірі Фариза Оңғарсынова болатын.*

*Ф.Оңғарсынова өнерпаздығының басты өлшемі оның лирик ақын мен ерекшеленеді. Жалпақ жұрттың жанына жағып, жүздеген қырманын жырымен жылытып, ойға - ой, ақылға - ақыл қосып, жүрекке жалын беріп келе жатқан өлең иесінің поэзиялық мұрасы, соның ішіндегі өлендеріндегі өмір көрінісін берген қырлы суреттері талданып, мақаланың тақырыбы барынша ашылды.*

*Түйінді сөздер:* қазақ поэзиясы, лирикалық бейне, әйел болмысы, әйел бітімі, қыз тағдыры, өмір суреттері, ақындық шеберлік.

#### **1 Кіріспе**

Ф. Оңғарсынова – халық жүрегінен орын алған өлеңдерінен бөлек бірнеше поэма жазған эпик ақын. Ақын поэмаларының басым көпшілігі тарихи тұлғаларды арқау еткен. Сол арқылы ақын тарих пен бүгінгі күннің өзара сабақтастығын тауып, тарихи дәуірдің шындығын көрсетуді мақсат тұтады. Сондай-ақ, ақын өлең сөзбен тарихқа айналған тұлғалардың рухани портретін сомдайды [1,23].

Ф.Оңғарсынованың халық үшін күрескен тұлғаларға арнап жазылған тарихи тақырыптағы поэмалары өзінің композициялық жүйесінің мықтылығы, сюжеттік желісінің

қызықтылығымен, образ жасау шеберлігімен қазақ поэмаларын дамытудағы мәнді туындылар ретінде бағаланады [3,186].

Лирикалық кейіпкер бітімінен қоғамдық өмірдің көрінісі, заман ағымы оның толғанысы көрінетіні белгілі. Өлеңдегі өміршең бейне ылғи алдыңғы саптан табылып, халық атынан сыр ағытып, ой толғыта алса - онда туындыны автор да азаматтық өресі, кісілік келбеті жарқ етіп көрініп қалады. Лирикалық шығармадағы кейіпкерлер әлемінің әр қилы қимыл әрекетінен «сезімнің отты нәзіктігі» (З.Ахметов) сезіліп тұруы керек. Ақындық «меннің» ауылынан жырақта жатқан типтік образ табиғаты негізінен лирикалық қаһарманға жақын тұлға болар. Мәселен, ақын-лирик Ф.Оңғарсынова өлеңдеріндегі көпке таныс, ешкімге бас имейтін өзіндік дара мінезі бар, көбіне қатал мінезімен оқырман есінде қалған әйел кейіпкерді автордың ондаған, жиырмалаған туындыларынан жиі кездестіреміз.

Фариза лирикасы өзіндік сыр- сипатқа ие, тұрақты оқырманы бар, іздеушісі мен сұраушысы бар, өлең- жырдың жетік дәстүрін өн бойына жиған байсалды поэзия. Саналы ғұмыры, өнегелі өмірі өлеңге айналған ақын лирикасындағы жырлы сандығының атқаратын маржанды ойларында образлылық туындылары орасан мол байлыққа ие. Ойлы оқырманның көңіл төрінен өзіндік стилімен төл табиғатына тән мінез-кұлық (сыршылдық, мұңшылдық, нәзіктік пен қайсарлық т.б) орынтабады. Әдебиеттің ажарын айқара ашып таныту – ақын поэзиясының нұрлы шамшырағы [3,195].

Сезімді селт еткізер, жүректен шыққан жырдың балын тамызар ақын поэзиясының пернесі таза да тың лиризмге лайықталған. Өмірдің өзін өлең деп бағалаған ақынның өлең - сөзге жүгінері де автор болмысын әйгілеп тұр. Фариза лирикасындағы шалқар шабыт ақынның сөз өнерін құрметтеу, оған табыну құдіретінен көрінеді. Нағыз ақынға тән жыр кредо - жыр бұлағын аялап сүюден нәр алып, одан арғы биліктерге қол созады. Ақын түсінігінде поэзия патшалығы адамзат дамуы мен жеке адам психологиясына қызмет етер ерекше дүние.

Өлеңнің өлшеушісі де оны тартар таразы да басқаның бақыты үшін, туралап айтқанда адамзаттың ар - ожданын қызғыштай қориды және қауымға қызмет қылуды мақсат еткен. Ақын жаны соны түсіндіреді. Өзгенің күлкісі, шаттық-қуанышына бола күресу, өмір - өлеңді соған арнау дегеніміз гуманист суреттеуге лайық ғанибетті, ғибратты келіскен бір емес пе? Лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесі, сезім толқыны, көңіл - күйі өнерге барып қонақтаған. Өмір өткелі қиын да ұзақ жел. Теп - тегіс тақтадай данғыл жатқанда ештеңе жоқ Ақын «мені» өлең -жырдан жұбаныш табады [1,73].

## **2 Материалдар мен әдістер**

Мақаланы талдау барысында Фариза Оңғарсынованың лирикалық өлеңдеріне талдау жасалды. Өлеңдердің жалпы өмірмен байланысы анықталып, мысалдар келтірілді. Зертеу барысында Қ.Жұмалиевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегі негізге алынды.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Фариза лирикасындағы әйел болмысы

"Әйел көркін қызықтау не мадақтау емес менде..."

Ақын кімнің атынан сөз алып, ой толғамасын, жұмыр басты пенденің, тіршілік иесінің мінез - құлқын ашып көрсетуге тырысады. Өлең өзегіндегі ой - мұраттың көздеген, діттеген жерден межелі мекен табуы ақын шеберлігіне байланысты болмақ. Фариза лирикасында жеке адамның жан дүниесі, тағдыр - талайы, сыр толғанысы тыныс-тіршілігі сан алуан, көп қабатты маңызды мәселесі қоғамның тыныс-тіршілігімен сабақтастықта өрбиді. Қоғам шындығы, өмір айнасы, ақын кейіпкерлерінің келбеті - бейнесі арқылы көрініс табады. Адамды қоршаған ортаның атмосфералық демалысынан хабар салған ақын өлеңдерінің өне бойында замана шындығының күллі суреті бар. Сол сурет, сол бейне ақын тудырған өлең - жырлардың өрімінде әлеуметтік, философиялық, көңіл - күй әуендеріне айналып, жалпы адамзаттық, дүниетанымдық көзқарасын баян етеді. Лирикаға тән қасиеттің бірі - адам сезіміне әсер берер отты, жалынды эмоциялық сезімталдық екені белгілі. Құрғақ баяндау

немесе сезімге құрылмаған жай әшейінгі жалаң тұжырым лирикалық шығарма тудыра алмайды. Фариза лирикасының басты ерекшелігі нәзік сезімге, ойлы толғанысқа құрылуымен ерекшеленеді. Таңдаған тақырыбының түптөркінін зерттеп, баянды барлап барып, сезім сырын шерту ақын шеберлігінің бір қыры. Ақын кейіпкері (лирикалық бейне) кімнің атынан сөз алса да оқырман есінде ұзақ сақталатын ерекше мінез даралығымен өзгешеленеді. Айталық, махаббат лирикасындағы бізге жете таныс бойжеткен мен бозбаланың бітім - кейпі сүйіспеншілік сезімнің биігіне көтеріле келе, лирикалық қаһарманға айналады. Мәселен, сарғая сарылу, қынжыла күйіну, таусыла қайғыру, өліп - өшіп сүю немесе шарт сынар кесек мінез, тауы шағылардай өкпе - наз, еш күтпеген ерке қылық, балаша қуану, романтикалық арман - қиял тағысын тағы жан дүнге қатысты өлшем - бірліктер (психологиялық характер) махаббат лирикасының нағыз болмысы саналады [4,158]. Ал осы сынды жекелеген моральдік қасиеттер махаббат жырларында бірін - бірі толықтырып, ысыла, жетіле келе, типтік дәрежеге көтеріледі. Шығармашылық еңбектегі осындай даралығын, дербестігін "Сенің махаббатың", "Мен саған ғашық ем" сынды жыр жинақтарындағы өлендерінен көрінісі қаншалықты тепреңнен толғана жазылды десек те, түбірінен тарқатыла арнайы зерттеу объектісіне айналмағаны да шындық. Лирик ақындарымыздың әйел ана тақырыбына соқпай өтуі қалай мүмкін болмаса, аталған тақырып әрісі ауыз әдебиетінде, кейінгі жыраулар поэзиясы мен ұлы Абай арасындағы алтын көпірден нәр ала бұл күнге жеткені мәлім. Ақын Ф.Оңғарсынова шамшырағына айналған қыз баланың қадір - қасиеті оның көптеген өлендеріне арқау болған. Ұлттық ұғым мен үрдістің бояуы қанық болмысын кейіпкер келбетіне барынша сиғызуға ұмтылған суреткердің өлеңінің бірі – "Ауылқызы" аталыпты. Сұлу қыздың сырт ажарын суретші қылқаламымен, бояумен айшықтайды. Ол да – өнер, бейнелеу өнері құралы, жазушының бояуы, сөз деп айтып жүр. Сөзбен салынған сурет талантының суреткер шығармашылығындағы дарын жемісі. Поэзия патшалығындағы қағидада артық - ауыс, олпы-солпы кесектерді (сөз, сөйлем делік) лирикаға лайық деп таппаған. Мәселен, қыз портретін "тілге жеңіл, жүрекке жылы...", "теп тегіс жұмыр" қылып кестелеу де – құдай берген талантпен танылмақ [8,17]. Қазақтың қызы қандай болуы керек немесе қазірде ше? Оған біз жауапты ақынның "Ауыл қызынан" табамыз. Тамаша туынды бес - алты шумақтан өріліп, тігісі тұйықталған, жиегі көмкерілген әсем дүние боп шыққан. Қыз келбетінің сыр бітімін бедерлеуде ақын Абай суреткерлігінің үлгісіне сүйенген. Эстетикалық талғамы жоғары оқырманға ой тастар өлеңде ақын - суреткердің халқымыздың ару қыздары осындай болса екен деген арман - тілегі қоса өрілгендей.

Қос жанарда тұрады арай кілкіп,  
Қадалмайды, жалт етіп қарайды үркіп.  
Сұқтанады сан көздер сұлулыққа,  
Толықсиды қағылмай талай кірпік.  
Ақша бетке жарасып пісте мұрын,  
Балғын жүзден мөлдіреп іштегі нұр.  
Бала мінез, пәк көңіл тамсандырып,  
Деседі жігіттер "түс пе мұңым?!" [5,18].

Махаббат лирикасы қыз жайын сөз еткенде Фаризада қыз сезімі, қыз қуанышы мен күйініші, кейіпкердің ой толғаныстарының сан алуан қыры бар болмысымен байланысты көрініп, кестеленіп отырады. Көңіл күйсандығынан күміс күлкілі бойжеткеннің кінәмшіл сырына үнілсеңіз, махаббат мәселесінің тұңғиығына еріксіз сүнгісіз. Бірде жаз боп күлімдеген, бірде қыс боп қаһарланған көңіл - күйдің күн шуағы, қыз мінезінің күйреуік шәлкес шақтарын ширыға, пісіп толыса келе, лирикалық шумақтардың өмірге келуіне себепші бола алған. Ашық америкада кейіпкердің келбеті (ішкі сезім, сыртқы сипат арман ой - елегінен өтіп, бірге дараланып, дамып отырады. Фаризаның ең бір елеулі тұсы ақын кейіпкерлерін сөйлетуде адам жанының терең білгірі, нәзік психологы ретінде сөз алады. Қылықты қыздың қырық құбылған сезім сырларын оқушысына жеткізуде шеберлік шырайы

кемеріне жетіп, шиыршық атып шабытталады. Ақын "мені" кімнің атынан сөз атса да кісілікті, кішілікті жоғары көтереді. Ой - арманын от қарыған, махаббаттың күйігіне шыдай алмай қиналған жанның ішкі сезім - толғаныс сырларын ерекше көркемдік мәнермен жеткізетін өлеңдерінің бір шоғыры "Бойжеткеннің сәзі", "Әйелге деген махаббат", "Басқа қызды өзіне жар еттің" деген мағынада аталады. Бұл өлеңде - әйелдің тағдырының кез - келгенге өз еркімен атыла бермес жүрек шымырлатарлығы, мұң - қайғысын, ләззатқа бөлер тәтті тылсым қылықты сәттерін, көңілінің кірбіңі жоқ мөлдірлі мезеттерден болып желкенді тартқаны анық көрініс табады. Өлең - жырдың құдіреті сонда кейіпкердің ішкі монологынан махаббат маусымының мазақ отына күйіп - жанған бойжеткеннің сөзін, жігіттің әйелге деген махаббат назын, қыз – қыркын тарапынан ер адамдарға бағытталған еркелік ескертулерді оқығандай, тындағандай әсерде боламыз.

Басқа қызды жар еттің.

От-жалынмен мені сүйген жүректі аямай - ақ [10;158]. деген тармақтардан қыз тағдырының ашу - мұңы мұз болып ызғар тартса, енді мына жолдардан қыз сезімінің шоқ болып жанғанын сеземіз:

Саған деген сезімнен есім кетіп,

Өртеніп - ақ жатамын қызғаныштан.

Келесі бір иірімдерде әлі де үміт жібін үзбеген бойжеткеннің бір уақ тәкаппар тұлғасына сүйсіне қараймыз.

Білем: әлі жүректер ұғысарын,

бірақ көрсем жалынды басып - жаншып,

асқақ қарап өтуге тырысамын,

сенен өзге біреуге ғашық жансып.

"Басқа қызды өзіне жар еткен" жігіттің қызға опасыздығы бойжеткеннің күйеу-сүйеу азабынан құтқара алматыны көрінеді. Тағдырдың тұсауына да бой ұсынған нәзік жанның өмірдегі жалғыз соқпағы өз дегенінен қайтпағаны.

Жұртқа жұмбақ болды да мендегі елес,

Біреулерге бұл күнде мазақ та өзім...

Махаббаттың күйігі - ерлер емес.

Әйел ғана шыдайтын азап - төзім.

Қыздың жаны махаббатының мұңыншерткені ақынның да әйелдің психикасының жай-жалсарына жіті көз тастағаны ақтарылса, беріле сырын ағытуы да лириканың негізгі тегіне тән бір терең табиғилылық процесі сияқты. Айтар сөзін айтып қалуға асыққаны ол ақын емес, осы жан күйді тудыруға негізгі объект болған осы оқиға себепті. Белинский: "Поэзия ол адамның қарапайымдылау сөзі, бірақ сол арқылы берілетін сезім әрі үн, әрқилысурет және айқыншыл да ашық бір жекелеу тұрған ұғым" – деп ойын жазды. Яғни, ақынның өзі - лирика қаһарманы, лирикалық кейіпкері, лирикалық бейненің болғаны да. Сөз өнеріндегі бұл лирика кейіпкер тұлғасы көптің жай-күйінің көрсеткіші бола алуы, сонымен қатар авторда өзі толғап, өзі тудырғаны, ақынның қиялымен тұтас қанаттанған өмірде баршылық образ.

Ақынның «Әйелге деген махаббат» [10;147]. атты өлеңі – Оңғарсынованың психолог-суреткер санатындағы шеберлігін айқындайтын ерекшелеу туындысы. Айтылған бұл өлеңнің мазмұнының екі ұдайы сезімшілдік қалыптастырады. Талайлардың іші тарлау құшағынан да өтіп, "тәтті қара төсектің" дәмінде татқаны, махаббаттың мұхитында өз тәжірибесі толысқан әйелдің қалайша сүйгенін жігіттің ішкі сыры сезді дейсіз бе?, әлде іштен лаулап қайнап шыққандағы зары сияқтылау ма, әйтеуір қызықты өлеңнің, қылықты жыры. Сүйіктісінің "өткен-кеткен" өмірін, тарихын біле тұрса да, махаббаттың құлына айналғаны бозбаланың ойы "басқа түссе баспақшыл" болғаны сезім күйінің оқушысында елең еткізбей қоймайды-ау.

Түндерде жалын боп өткен,

біреуді жаным деп өткен

сенің гүл еріндеріңнен  
әйтеуір жерінбедім мен [10;184].

Поэзиядағы құдіретті махаббат тақырыбының табиғаты туралы Белинский: "сезім және махаббаттың күші— ол романтикалық поэзияның негізі" деп жазды. Сонау белгілі әдебиетші ғалым Е. Ысмаилов "Ақындар" [11;302]. монографиясында: "Егерде ақын неге махаббатты шығармажайында жазады екен, ондағы махаббаттар кіршіксізде пәк өзінің сұлулық бейнесінде де жырлануға тиіс" деген жғалым. Ендеше сол ақын Фариза "Бойжеткеннің сөзі" атты өлеңіне де , жоғарыда айтылған ойлы пікір төңірегіне келеміз. Махаббатта шарт, қатып қалған қағида, өктемшіл ереже болмайтынын тура ұғынған бойжеткеннің кіршіксіз, пәк ақ көңілі өлеңде- сөздің өң бойын шарлап, тарап кеткен.

Сен маған көктем боп кел  
Нәзіктеу жанымды ұғатын.  
Отты махаббатыңмен өктем боп кел,  
Асқақтығымды табындыратын [10;123].

Лирикалық бұл кейіпкердің ішкі жан дүниесінің жанды жадыратарлығы , жылылыққа зәрулігі байқалады. Сүю - күйдің де әлі дәмінде татпаған пәк көңілі көзқуанышын аландаттыра, болашақты үздіге күтеді. Нәзіктеу жанды қыз бойындағы ерекшелену бір еркелікті, жарасымды маздылықта бар. Болашақтың бұлдыр күндерінен бақытын күткен "Бойжеткеннің сөзінен" өзі қалаған "отты махаббатты" жанды кәміл табатындығына толық сенеміз.

Табындырар тауып тізгінін бұла көңілдің  
Сол шақта мүмкін өзіңе ғашық етпегің.  
Сен әйтеуір ұмыттыр мынау өмірдің  
мені толғандыратын қасіреттері.

Лирик қазақ ақыны Фаризада жоғарыда талданған өлеңінде заңды жалғасында сынды шумақтардан сыр тартқан қысқаша туындысының бірі "Қуанышты мендегі"[10,124]. аталады. Сыншылардың өз сөзімен айтсақ көңіл-күй лирикасына лайық бұл айтылған өлеңдерде сүйіспеншіліксезіміне уланғанпәк махаббаттыңиесінің "сыртқы беті бүтін, ішкі сыры түтін" сезімін жай - жапсарында толық аңғарамыз. Басқаның құшағында отырып, өзгенің махаббатын ойлау, шынында да "сорлылық" белгісі. Сүйгеніне қолы жетпеген кейіпкер сыр иесінің кім екені де өлеңде ашық айтылмаған тәрізді. Автордың соны өз стильмен көмкергені де лирикалық шумағынанда шебер психолог екендігін тағы да бір танымыз. Махаббаттың соқпағында екінің бірінің басында бір кездесетін ситуацаялық бұл сәттерді ақын өз талантын өлең-жырға айналдырғаны сөзсіз. Қуана отырып - қайғыру, сүйе тұрып - жеріну сықылды сезімдерді лирикада сынды періште өнерде сөйлету де - ақынның дарындылық қасиетінің даралығын көрсетсе керек.

Қуанышты мендегі  
сенің қайғың улайды.  
Ешбір адам жердегі  
білмейді бұл мұң жайлы.

Бетке шіркеу, сезімге селкеулік болар бұл құпиясының сырт көзден жасырудан әбден шаршағаны, мұңлы шерлінің де алауы көңілінің қорланып келгені көп жылғы улы сезімнің запыранын ақтарып салуы да, бір ауық өзін жеңілдегендей күйде болғандығы сезіледі.

Аяз шарпып денені  
сүйген болам бекер кеп.  
ені іздегім келеді  
қай жерде отыр екен деп.  
Сен жайлы ойды жасқадым  
қалмасын деп ол біліп.  
Құшағында басқаның  
сені ойлаймын. Сорлылық [10;125].

Фариза Оңғарсынова лирикасындағы қыздар тағдыры, әйел затының көпке жұмбақтау болған, нәзік те терең тылсымды (психологиясын) тану. Ол үшін ақынның поэтикасына жан-жақты, толықырақ тоқталуы қажет. Суреткер ақындық стилінде жарқырай көрінетінде, шеберлігінде, машығыныңда анық байқалатын бір тұсы – Фаризаның әйелдің хақындағы жазылған өлең - жырларымен байланысы барынша биіктей түседі. Әйел жыныстылардың арман - мұраттарына жырлауды өмірлік идеясы еткен ақынның аталмыш тақырыпты тереңірек меңгергендігі соншалық әйел біткеннің өздері айтып жеткізе алмайтындай өмір шындығын жеткізді, соны лирикада бұрмасыз бейнеледі. [9,78]. Тамаша педагог Макаренконың: "Сүюге, махаббатқа үйрету бақыттылыққа үйрету, әркімнің өзін-өзі қадірлеуге, адамгершілікке үйрету деген сөз... Ең жақсы сүйіскендер тәрбиелендер" дегені осы күнге дейін мәнін жойған жоқ. Екеудің басындағы ғана болатын сезімшіл құбылыстың құпиясын "сыртқа да жаятын да өсекші өлең-жыр ғой шіркін" емес пе?! Бірін-бірі кінәлаған, алайда белді бекемшіл буып кетісуге шамасы жоқ, сүйген жүректердің сыршыл мінездерінің еркеліктерінің елегезерлігінің самалыда өседі емес пе? Бірін -бірі сынағандай, жүйкені жұқартар жүдеушіл жауаптары жырлардың қатарына "Екеумізде ақыз отырмыз-ау тіл қатыспай". "Налып та келдің соншалық, неге тұнжырадың" [10;164], "Сен үшін сонау алыстардағы емес ем"[10,165], "Келесің дәйім шілденің", "Алыстарға бірге кетейік[10,167] секілді өлеңдері жатады. Бұл лирикадағы дүниелердің деніне ортақшыл бір ой - жүйе - махаббат сызығындағы мөлдір мұхиттың кемесінде бірге тоғысқан жұптардың жағдаяттарының баян болғаны. Табиғаттың адамзатқа тартуы - таралғысының тұғыры биік сый - сыяпатының бірі сүйіспеншілік сезім - ләззатын бастан кешіруді бұйырмас етсе, одан бас тартудың өзі бос әурешілік шығар. Махаббаттын бал кемесіне мініп, қиялды ескек етіп, бұл дәуреннің дүрмегінен безіп, алыстарға агтануды армандаған екеудің күйін бастан өткергендер ғана түсінер. Аламан - тасыр тентек сезімнің илеуінде кеткен мұраттастардың ертегі - жырынан үзінді келтірейік:

Алыстарға кетейік.

Қаланың бізді көп жалықтырған күйбендерінен жыраққа,

Ақ бас тауларға аймалап жатқан күміс шолпылы бұлақтар.

Сен ғажайып ертегілердің батыры астындағы арғымақ атпен айшылық жолды бір аттар,

Өзіне ғана табынған ессіз мен нәзік ару болайын,

тозақ боп сенсіз көрінсін тіпті жұмақ та

Қыздың жан қиялы қапысынын тауып сүйіктісінің ішкі ықыласына ынтазарлықпен жаулай бастауы. Ыстық лаулаған махаббаттың бұл мамыражайлау маусымына мас болған пәк арулардың албыртылық та асау көңіл - құсы мен адамның аяғы тимеген биліктерді аңсауы:

Өзгеріп мені ап кетші, көк ормандарға тылсымын аяқ басаған – бұл лирикалық сезімнің бір сәттілік бұлқыныс сезімі. Өр көңілдің бұл шартарапқа құйқылжығандығы, қанатты жан қиялды қыз - қырмызының өмір өзеннің қанжылым жылымығынан жыраққа жетегені. Жүректегі ойдың жетелеп қана қоймауы, "ұмытпайық бізді сонда мынау жалғанда біреулерге барын жер басып жүрген айла қып, өсек аяңнан аулақ пайда алып" – деген тәуекелшіл түйдек оралыммен түйіндейді.

Дүниенің бәрі біз екеуміздің жанымыздай мөлдір болсын

арманның ақ боз арғымағын Айға байлалық.

Рахаттан сонда жылайын күліп жатып мен

өмірден мың – мың айналып! [10;168].

"От махаббатыңнан өртенген маған еркек көрінсін

еместей жалғыз өзіңнен басқа адам" [10:167].

деген тармақтардан аразының екі бірдей жанның басын тең ұстағаны ақынның өлең өнеріндегі мәңгілікті үлес қосқанын толық аңғарамыз.

Махаббат лирикасында әдетте жыр иіні кейіпкердің мінезіне қарай құбылтылып келеді. Сүюдің азабы, айлымалы, толқымалы сәттер. Мұңая ажырасу, қуана табысуы, сағына

сарғаюы, аз күндік өкпе-назы сияқты екеудің басында кездесетін тағы басқа да эмоциялық ситуациялар лирика тілінде біріне бірі егіз қозыдай ұқсас шоғыр (цикл) өлендер тудырады [7,98]. Лирикалық кезі бірнеше жинақтаулы бейнелерді құрайтын мұндай өлендерден оқырманға таныс тұлға бойын көрсетеді. Фариза ақынның поэзиясындағы әйелдің жанын, махаббаттын сол бір жай-күйін өз тақырыбына қосуы, қаламгердің ақындық айлағының сырымен, құрметті төрінен аумақты орын алғаны мәңгілік мұраты емес пе?! Ендеше сол бір, жалынды жырдың отын лаулатқан лириктің аталмыш тақырыпқа әр мезгілде түрлі қырынан тың тұжырым, соны серпінмен қайта айналып, оралып соғуын заңды құбылыс деп ұққан жөн шығар. Мысалы, ақын шығармаларының "Тандамалысына" (1987) енген "Жантолының монологы" аталған туындыда кейіпкер ақын қыз аузымен айтылады [8,28].

Ф.Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның "әйелдері" әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады.

Әйел затының бұл өмірдегі зіл батпан жүгінде өлең өнерінде дамытып, ақындығының негізгі бағдарламасының басты бағдары есебінде ғұмырлық жырына айналдырған Фариза ақынның қаламгердің қайраткерлік тұлғасының тарихы да мол, осыдан бастау алса керек. Ақын Фариза Оңғарсынованың өлендерінде әйелдердің тағдырының ұлттық болмыста және қазақы ауылының идеялық жарқындығыда суреткердің мақсатын туындатып отырады. Алға қойған бұл мұратындамұз шыңына көтерілгені ақынның лаулап шашқан от - жалынды жырлары әйелдер болмысымен, жыр сандығымен тығыз байланыста өсуі, кемелдеініп осмсы кезге дейінжетіп келеді. Әйел біткеннің бәріде бақытты, кейіпкерімен қосылды, көздеген ақынның көз жанары да өзінің жұртының өзгешіл ғұмыр жердің басқа топырағындағы жыныстастарының жай - күйі де сырт қалмайды [6,156]. Айдай әлемнің, төртбұрышындағы дүниенің түкпіріндегі әйел жаны атты халық өкілдерінің тұрмыс - тіршілігінің тұрлаусыздау, татымсыз, өңсіз күйін, сәттерін суреткерде бейжай қалдырмайды. Өзінің көзімен көргені көпіршік атқан көңілсіздеу бұл көріністер мен әділдікті көпшілдікке қол көтере алмай бұққан мезетті көріністерді ақын жүре пайымдаған. Қаламын сол заманға қару қылып, әйел жанын, келбетінің кіршік шалған жан терлесінің орамалын жұлуға да, әйелдердің азабының арашасы болуға тырысқан ақын. Ақынның шығармашылық өлең - жыр сандығындағы інжу – маржандардың қатарында "Сапфомен сырласу", "Аңсау немесе жесірдің зары", "Кек немесе келіншектің ызасы" секілді өлендері қазақтың қалпынан тыста жатқан елдегі әйелдердің хикаясының сырын, ішіне бүккендерін шымыр жырлаған туындылары. Бұл лирикалық туындыларда ақын әйелдің жанын әйел ақынға іштей сыр шерте арқылы авторлық негізгі идеяда, ертеде опатта пайда болған махаббатың жоқтап зарлаған әйелдердің жан зары, мұңы мен кекке тұншыққан жан дүниесін келіншектің ызасын лирикадағы кейіпкер сезімінің, ойлау өресінің шарықтау дәрежесінде таразыланған [3,176].

### **5 Қорытынды**

Әдебиеттің жетекші жанры лирикада өзіндік үні мен қолтан белгілеген ақын апаларымыздың бірі Фариза Оңғарсынова саналады. Шығармашылық өнері туралы айтылып, біраз еңбек туралы естеліктер жазылады. Ақынның әдебиеттегі алар орны мен өзіндік қаламгерлік келбеті бағаланды.

Алайда дәл бүгінгі таңда танымал поэмалардың авторы ретінде ақын атының аталғанымен де, оқырман жұрты ақын апамызды ең басты сырдың не азаматтық әуенінің төл иесі есебінде нақтырақ біледі. Лирикалық поэзияның күрделі де қуатты бай түрін жасаған ақынның ең бірінші жекелік өмір шындығын көркемдік сатыға көтеріп, реалистілік бұл әдісті өркендетіп дамытуында сөзге тиек етеміз. Фариза лирикасының тақырыптық ауқымы кең өмір шындығын реалистік көрінісінде шынайлап бейнелеуді басты назар тұтқан. Қаламгер қоғамдық құбылыстардың күрделі суреттер лирикалық туындының қайырымды мазмұнын сифызып суреттегеніне ақын өлендерін талдау барысында куә болдық. Осы ауқымды тақырыптарының ішінен дипломдық жұмысымыздың нысанасы етіп, ақынның Туған жер,

Отан, Дала образын берген бір топ өлеңдерін топтастырып, өз еркімізше талдау жасадық. Ақынның өзіндік бір төбе құрайтын АзMATтық сарындағы шығармаларына тоқталдық. Лирик ақынның махаббат майданындағы сан жетпес дүниелерін және әйел - ана, қыз - келіншек образын берген ерекше туындыларын екінші тарауымызда жеке қарастырдық. Оған басты себеп ат тамуындағы зор құрметке не болған әйел затын автор өзінің халық поэзиясынан сондай орын беріп, қайтпас қайсар ерекше сезіммен жырлағаны болар [3,143].

Лирикалық поэзияға тән өң сәтте жарқ еткен құбылыс пен сезім сәттерін сырлы сөзбен суреттеу ақын талантының бір ғана қыры екенін байқадық. Образ жасауда ақынның өзіне ғана тән даралық сипат ерекшеліктері барлығы аңғарылады. Қас - қағым сәттік өмір көрін жырларында көркемдікке не болып, образдық суреттер тудыратын кейіпкерлердің қоғамның, заман үнін танытушыда сан түрлі бедерлі бейнелер сол қалпында көрінеді. Бірнеше тақырыптарда, әр қилы сезімді, әр қырлы жағынан көрінетін лирикалық кейіпкердің тұлғасының өсуі, толысуы үстінде үнемі биікте көрініп, жан жақты дами отырып, қаһармандық бейнеге айналдырады.

Ақын кімнің атынан сөз алып, ой толғамасын жұмыр басты пенденің, тіршілік иесінің мінез - құлқын ашып көрсетуге тырысады. Өлең өзегіндегі ой - мұраттың көздеген жерден межелі мекен табуы ақын шеберлігіне байланысты болмақ. Фариза лирикасында жеке адамның жан жүніесі тағдыр талайы, сыр -толғанысы сан алуан, көп батты маңызды мәселесі қоғамның тыныс тіршілігімен сабақ өрбиді. Қоғам шындығы, өмір айнасы ақын кейпі, келбет - бейнесі арқылы көрініс табады. Лирикаға тән қасиетін бірі - адам сезіміне әсер берер отты, жалынды эмоциялық сезімталдық екені белгілі. Фариза лирикасының басты ерекшелігі -нәзік сезімге, ойлы толғанысқа құрылуымен өзгешеленеді [2,39].

Ақындық талантының табиғи тәлімдік өнегесін тура танып – білу дегеніміз суреткер ақынның стилін ажыратумен өзгеше көрінері анық. Жазу мәнерінің күллі сипатын көрсететін айналып келгенде, қоғам ерекшеліктердің түпкі тарихи жағдайға, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерге барып тірелетінін ескерсек, бұдан да ақын Фаризаның өзіндік ұстанымын байқай аламыз [4,18].

Оңғарсынова өнерпаздығының басты өлшемі оның лирик-ақындығымен ерекшеленеді. Жалпақ жұрттың жанына жағып, жүзде оқырманның ішкі жан дүниесін жырымен жылытып, ойына - ой, ақылна - ақыл қосып, жүрекке жалынынмен келе жатқаны өлең иесінің поэзиялық мол мұрасын, соның ішіндегі өлеңдеріндегі өмір көрінісін берген сырлы суреттерін өзімізше талдап, барынша қыр сырын ашу мақсатымен дипломдық жұмысымыздың тақырыбы етіп алған болатынбыз. Өлең өрнегін ту қылып көтерген ақын поэзиясы бір жұмыстың емес, барлық қазақ жұртының үкілеген үміті, шалқар шабыты болуы керек деген оймен қорытындылаймын.

### Әдебиеттер тізімі

1 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы. КМКӨБ, 1960.

2 Базарбаев. Сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы. Жазу.

3 Оңғарсынова Ф. Лирикасы. Канд.дис. – Алматы, 2000.

4 Ақүрпекова Г. Ф.Оңғарсынованың табиғат лирикасы жайлы сыр. – Қазақстан мұғалімі, 1995, 26 шілде.

5 Оңғарсынова Ф. Қыз ғұмыр. – Алмағы Жалын, 1996.

6 Оңғарсынова Ф. Шілде. – Алматы. Жазушы, 1978.

7 Оңғарсынова Ф. «Қыз» тағдыр. – Алматы. Жалын, 1994.

8 Оңғарсынова Ф. Жүректер тілдескенде. – Алматы. Жалын, 1990.

9 Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз. – Алматы. Жазушы, 1990.

10 Оңғарсынова Ф. Екі томдық тандамалы шығармалар. I том. – Алматы. Жазушы, 1987.

11 Ысмаиылов Е. Ақындар. – Алматы. ҚМБ, – 1956.

**БЕЗАУБЕКОВА, А.Д., АМИРГАЛИЕВА, Е.С., ҚАЙЫРҒАЛИ, Д.А.  
ЖЕНСКИЕ РЕАЛИИ В ЛИРИКЕ ФАРИЗЫ ОНГАРСЫНОВОЙ**

*Лирика поэта Ф. Онгарсыновой, получившая в свое время такую оценку – это ушан Тенгиз мира на фронте казахской литературы. В многогранных лирических произведениях поэта раскрывается многое из того, что не раскрыто. Лирические произведения Ф. Онгарсыновой затрагивают каждую тему; мир героев в ней, то есть проблема лирического героя, секреты поэтического мастерства – все это понятно. С этой целью авторы разобрали лирику поэта Ф. Онгарсыновой и взяли ее в качестве темы для работы над статьей.*

*Одним из поэтов, который в 60-е годы охватил публику адуынскими песнями, феноменом духовного познания жизни, становившимся творческим идеалом и исследованием поэтических тарланбозов, познавших свою творческую личность, почитаемых своей страной и народом, дарованных природой, стала Фариза Онгарсынова со своим самобытным жанром для литературного мира.*

*Ф. Онгарсынова – главный лирической герой поэтессы. Авторы статьи анализируют поэтическое наследие, в том числе и картины жизни умерших, которые согревали сотни сердец, наполняли мыслями, разумом и пламенем.*

**Ключевые слова:** казахская поэзия, лирический образ, женственность, женственность, судьба девушки, образы жизни, поэтическое мастерство.

**BEZAUBEKOVA, A.D., AMIRGALIYEVA, Ye.S., KAIYRGALI, D.A.  
WOMEN'S REALIAS IN THE LYRIC POETRY OF FARIZA ONGARSYNOVA**

*The lyric poetry of F. Ongarsynova, once acclaimed as "the Uzman Tengiz of the world on the front of Kazakh literature," reveals depths of untold aspects in its multifaceted lyrical works. Her lyric poetry touches on a vast array of themes, presenting a world of heroes and addressing the problem of the lyrical hero, the secrets of poetic skill, and more in a manner accessible to all. With this objective, the authors analyzed F. Ongarsynova's poetry and selected it as the focus of their article.*

*One of the poets who captivated the public in the 1960s with aduyn songs, embodying a phenomenon of spiritual understanding of life, and becoming a creative ideal and explorer of poetic tarlanbozes who discovered their unique artistic identities and were revered by their nation, was Fariza Ongarsynova. Her distinct genre brought a fresh voice to the literary world. In F. Ongarsynova's work, she herself is the central lyrical figure. The authors of the article analyze her poetic legacy, including depictions of the lives of the departed, which have warmed hundreds of hearts, filling them with thought, wisdom, and passion.*

**Key words:** Kazakh poetry, lyrical image, femininity, femininity, the fate of a girl, lifestyles, poetic skill.

**Авторлар туралы мәліметтер:**

**Безаубекова Алмагуль Даненовна** – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Амиргалиева Еркенгуль Сапарғалиевна** – «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Қайырғали Диана Айдарқызы** – «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Безаубекова Алмагуль Даненовна** – кандидат филологических наук, кафедра теории языков и литературы, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Амиргалиева Еркегуль Сапарғалиевна** – студентка 2 курса ОП «6В01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Қайырғали Диана Айдарқызы** – студентка 2 курса ОП «6В01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

*Bezaubekova Almagul Danenovna – Candidate of Philological Sciences, Department of Language Theory and Literature, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Amirgaliyeva Yerkegul Sapargaliyevna – 2-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Kaiyrgali Diana Aidarkyzy – 2-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

ӘӨЖ 8.81

**Искакова, Ш.К.,**

*гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

**Омарова, Д.К.,**

*Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №19  
жалпы білім беретін мектебі” КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы*

## **ҚИМЫЛДЫҢ ӨТУ СИПАТЫ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Түйін**

*Берілген мақалада етістіктің категориясы – қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тіл білімінде зерттелу тарихы қарастырылады. Оның дамуы мен зерттелуіне үлес қосып, еңбектерін арнаған тіл білімі ғалымдарының пікірлері мен зерттеу қорытындылары мақаланың негізгі саралау объектісі болып табылады.*

***Түйінді сөздер:** етістік, категория, аналитикалық формант, қимылдың өту сипаты.*

### **1 Кіріспе**

Қазақ тіліндегі етістіктер көптеген морфологиялық және лексикалық-грамматикалық категориялармен сипатталатын сөздер тобының неғұрлым күрделі және тармақталған бөлігі болып табылады. Оның кейбір категориялары қазақ тілінде терең зерттелген.

Жалпы етістік-қозғалысты, әрекетті, іс-әрекеттің атауын атағанымен, іс-әрекеттің қандай жағдайда, қалай және қандай тәсілдермен жасалғанын жеке-жеке білдіре алмайды. Тек іс-әрекеттің атын беру сөйлемнің толық мағынасын ашуға жеткіліксіз. Себебі күнделікті өмірде іс жүргізу тәсілдері әртүрлі. Қимылдың жасалу өзгешелігі мен оның орындалу амалын көрсететін етістің арнайы категориясы бар – қимылдың өту сипаты.

Түркологияда да, қазақ тілінің білім беру саласында да қимылдың өту сипаты категориясы ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап дербес категория ретінде зерттелуде. Алайда, сөйлемдегі етістікті қалыптастыру әдістері және оның ерекшеліктері мәселесі бұрын түркі тілдерінің ғалымдары мен зерттеушілерінің назарын аударды. Оны В.А.Гордлевскийдің «Түркі тілінің грамматикасы», А.Н. Кононовтың «ҮІІ-ІХғ. Түркі руна ескерткіші тілінің грамматикасы», И.Гигановтың «Татар тілінің грамматикасы», А.Н.Кононовтың «Заманауи әдеби өзбек тілінің грамматикасы» атты еңбектерінен байқасақ болады [1].

Қазақ тілінде қимылдардың сипат категориясын көптеген еңбектерден байқай аламыз. Мысалы:

## МАЗМҰНЫ

### **ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Безаубекова А.Д., Амиргалиева Е.С., Қайырғали Д.А. Фариза Оңғарсынова лирикасындағы әйелдер болмысы.....</i>	3
<i>Искакова Ш.К., Омарова Д.К. Қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуі.....</i>	12
<i>Исова Э.А., Атығай Ш.С. Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі метафораның қолданысы.....</i>	20
<i>Исова Э.А., Изтұрғанова Г.М. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекей бұйымдарының этнолингвистикалық сипаты.....</i>	25
<i>Исова Э.А., Мәлікзада А.М. Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімі.....</i>	30
<i>Кузембайұлы А., Еркін Ә. Рәбиға Кеңес үкіметінің ұлт аймақтарды басқару жүйесі.....</i>	34
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. Ақиқат жолын іздеген ұлылар үндестігі.....</i>	40
<i>Шолпанбаева Г.А., Минних И. Әл-Фараби еңбектерін зерттеудің мәселелері.....</i>	44

### **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Алимбаев А.А., Юрк О.С. Математика пәнін оқытуда проблемалық әдісті қолдану.....</i>	50
<i>Амантаева А.Б., Курманғалиева А.А., Туктубаева С.А. Физика оқытудағы ғылым тарихының рөлі: тарихи контекст қазіргі физикалық теорияларды түсінуге қандай көмек етеді.....</i>	57
<i>Майер Ф.Ф., Берденова Г.Ж., Жарлыгасова Э.З., Нургельдина А.Е. Лемниската Бернуллиге байланысты екі есе дерлік жұлдыз тәрізді функциялардың кейбір кластарының өсу теоремалары мен жұлдыздық радиустары.....</i>	63
<i>Ручкина Г.А., Божекенова Ж.Т., Курлов С.И. Қостанай облысының солтүстік аудандарының гименомицеттері.....</i>	69
<i>Султангазина Г.Ж., Артемчук А.В. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының жоғары тамырлы өсімдіктер флорасы.....</i>	74
<i>Султангазина Г.Ж., Оджახвердиева С.В. Қостанай қаласының қалалық флорасына таксономиялық талдау.....</i>	79
<i>Тастанов М.Ф., Курманғалиева А.А. Ағылшын тіліндегі физика сабақтарында тілдік және мазмұндық оқытуды интеграциялаудағы bics және calp рөлі.....</i>	84
<i>Тастанов М.Ф., Туктубаева С.А. Физика мұғалімінің тәжірибесіне проблемалық оқыту әдістерін енгізу және оларды оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда қолданудың тиімділігін зерттеу.....</i>	93

### **ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ**

<i>Ибрагимова С.В., Давлетишин Н.Р. Әуе электр желілерінде мұз қатуға қарсы күрес әдістері.....</i>	99
<i>Ибрагимова С.В., Дускаев С.А. Жарықтандыру жүйесін жаңғырту арқылы кәсіпорындардың энергия тиімділігін арттыру әдістерін іске асыру.....</i>	107

### **АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Амантаев М.А., Золотухин Е.А., Кравченко Р.И., Оспанов М.Б. Белсенді жетекті ротациялық жұмыс органдарын зерттеуге арналған зертханалық қондырғы әзірлеу.....</i>	115
<i>Какабаев, Н.А., Кравченко, Р.И., Золотухин, Е.А., Жәмәш, К.Ж. Астықты ұнтақтауға арналған балғалы ұнтақтағыштардың конструкциялары мен өнімділігін және дайын өнімнің сапасын салыстырмалы талдау.....</i>	122

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**

<i>Байжанова Л.А.-Н., Абдрахманова А.Д., Амантаева Р.К.</i> Қазақстанда айналмалы экономиканың даму келешегі .....	129
<i>Байжанова Л.А.-Н., Досмакова А.Е., Молдағалиева Н.Д.</i> Өңірдің инвестициялық әлеуетін аймақтық жүйе ретінде жүзеге асырудың негізгі көрсеткіштері .....	135
<i>Сартанова Н.Т., Амантаева Р.К., Байжанова Л.А.-Н.</i> Үздіксіз оқыту күші: қазіргі заманғы оқыту ұйымдарында топтық жұмыс тиімділігін, уақытты басқаруды және шешім қабылдауды арттыру .....	140
<b>МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР</b> .....	149
<b>АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА</b> .....	151

## СОДЕРЖАНИЕ

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Безаубекова А.Д., Амиргалиева Е.С., Қайырғали Д.А.</i> Женские реалии в лирике Фаризы Онгарсыновой.....	3
<i>Искакова Ш.К., Омарова Д.К.</i> Изучение аспектологии в казахском языке.....	12
<i>Исова Э.А., Атығай Ш.С.</i> Языковое использование метафоры в рассказе Магжана Жумабаева «Шолпанның күнәсі».....	20
<i>Исова Э.А., Изтұрғанова Г.М.</i> Этнолингвистическая характеристика национальной одежды и украшений казахского народа.....	25
<i>Исова Э.А., Мәлікзада А.М.</i> Академик Р. Сыздық и современный казахский язык.....	30
<i>Кузембайұлы А., Еркін Ә.</i> Система управления национальными регионами советского правительства.....	34
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К.</i> Созвучие великих, ищущих путь истины.....	40
<i>Шолпанбаева Г.А., Минних И.</i> Проблемы изучения трудов Аль-Фараби.....	44

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

<i>Алимбаев А.А., Юрк О.С.</i> Применение проблемно-ориентированного обучения в математике.....	50
<i>Амантаева А.Б., Курманғалиева А.А., Туктубаева С.А.</i> Роль истории науки в преподавании физики: как исторический контекст помогает понять современные физические теории.....	57
<i>Майер Ф.Ф., Берденова Г.Ж., Жарлыгасова Э.З., Нургельдина А.Е.</i> Теоремы роста и радиусы звездообразности некоторых классов дважды почти звездообразных функций, связанных с лемнискатой Бернулли.....	63
<i>Ручкина Г.А., Божжекенова Ж.Т., Курлов С.И.</i> Гименомицеты северных районов Костанайской области.....	69
<i>Султангазина Г.Ж., Артемчук А.В.</i> Флора высших сосудистых растений Сарыкольского района Костанайской области.....	74
<i>Султангазина Г.Ж., Оджахвердиева С.В.</i> Таксономический анализ урбанofлоры города Костанай.....	79
<i>Тастанов М.Г., Курманғалиева А.А.</i> Роль bics и calp в интеграции изучения языка и содержания на уроках физики на английском языке.....	84
<i>Тастанов М.Г., Туктубаева С.А.</i> Внедрение методов проблемного обучения в практику учителя физики и исследование эффективности их использования в развитии исследовательских навыков учащихся.....	93

**ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ**

<i>Ибрагимова С.В., Давлетшин Н.Р.</i> Методы борьбы с гололёдообразованием на воздушных линиях электропередач.....	99
<i>Ибрагимова С.В., Дускаев С.А.</i> Реализация методов повышения энергоэффективности предприятий путем модернизации системы освещения.....	107

**СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ**

<i>Амантаев М.А., Золотухин Е.А., Кравченко Р.И., Оспанов М.Б.</i> Разработка лабораторной установки для исследования ротационных рабочих органов с активным приводом.....	115
<i>Какабаев, Н.А., Кравченко, Р.И., Золотухин, Е.А., Жәмәш, К.Ж.</i> Сравнительный анализ конструкций и производительности молотковых дробилок для измельчения зерна и качества готового продукта.....	122

**СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ**

*Байжанова Л.А.-Н., Абдрахманова А.Д., Амантаева Р.К.* Перспективы развития экономики замкнутого цикла в Казахстане..... 129

*Байжанова Л.А.-Н., Досмакова А.Е., Молдагалиева Н.Д.* Ключевые индикаторы реализации инвестиционного потенциала региона как территориальной системы..... 135

*Сартанова Н.Т., Амантаева Р.К., Байжанова Л.А.-Н.* Сила непрерывного обучения: повышение эффективности командной работы, управления временем и принятия решений в современных обучающих организациях..... 140

**ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ**..... 149

**ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ**..... 154

## CONTENT

### **HUMANITIES AND ARTS**

<i>Bezaubekova A.D., Amirgalieva E.S., Kayyrgali D.A.</i> Women's realities in the lyrics of Fariza Ongarsynova .....	3
<i>Iskakoba Sh.K., Omarova D.K.</i> Studying the aspectuality of verb in the kazakh language .....	12
<i>Isova E.A., Atygai Sh.S.</i> Linguistic use of metaphor in Magzhan Zhumabayev's story "Sholpannyn kunasi" .....	20
<i>Isova E.A., Izturganova G.M.</i> The ethnolinguistic characteristics of traditional clothing and jewelry of the kazakh people .....	25
<i>Isova E.A., Malikzada A.M.</i> Academician R.Syzdyk and the modern kazakh language .....	30
<i>Kuzembayuly A., Yerkin A.</i> The soviet government's nation management system .....	34
<i>Ospanuli S., Myrzagalieva K.</i> The harmony of the great ones who seek the path of truth.....	40
<i>Sholpanbayeva G.A., Minnikh I.</i> Problems of studying the works of Al-Farabi .....	44

### **NATURAL SCIENCES**

<i>Alimbayev A.A., Yurk O.S.</i> Using problem-based learning in mathematics.....	50
<i>Amantayeva A.B., Kurmangaliyeva A.A., Tuktubayeva S.A.</i> The role of the history of science in teaching physics: how historical context aids understanding of modern physical theories.....	57
<i>Mayer F.F., Berdenova G.Zh., Zarlygassova E.Z., Nurgeldina A.Ye.</i> Growth theorems and radii of starshapedness of some classes of doubly close-to- star-shaped functions related to the Bernoulli lemniscate .....	63
<i>Ruchkina G.A., Bozhekenova Zh.T., Kurlov S.I.</i> Hymenomycetes of the northern areas of the Kostanay region .....	69
<i>Sultangazina G.Zh., Artemchuk A.V.</i> Flora of higher vascular plants of the Sarykol district of the Kostanay region .....	74
<i>Sultangazina G.Zh., Odzhakhverdiyeva S.V.</i> Taxonomic analysis of the Kostanay urban flora .....	79
<i>Tastanov M.G., Kurmangaliyeva A.A.</i> The role of bics and calp in the integration of language and content learning in the physics lessons in english.....	84
<i>Tastanov M.G., Tuktubayeva S.A.</i> The introduction of problem-based learning methods into the practice of a physics teacher and the study of the effectiveness of their use in the development of students' research skills .....	93

### **ENGINEERING AND TECHNOLOGY**

<i>Ibragimova S.V., Davletshin N.R.</i> Methods of overhead power lines de-icing .....	99
<i>Ibragimova S.V., Duskayev S.A.</i> Implementation of methods to improve energy efficiency of enterprises through the lighting system modernization .....	107

### **AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES**

<i>Amantayev M.A., Zolotukhin Ye.A., Kravchenko R.I., Ospanov M.B.</i> Development of a laboratory setup for studying rotary working bodies with active drive .....	115
<i>Kakabayev N.A., Kravchenko R.I., Zolotukhin Ye.A., Zhamash K.Zh.</i> Comparative analysis of the designs and performance of hammer mill and finished product quality.....	122

### **SOCIAL SCIENCES**

<i>Baizhanova L.A-N., Abdrakhmanova A.D., Amantayeva R.K.</i> Prospects for the development of a closed-cycle economy in Kazakhstan .....	129
<i>Baizhanova L.A-N., Dosmakova A.Ye.,Moldagaliyeva N.D.</i> Key indicators of unlocking the investment potential of the region as a territorial system .....	135

---

<i>Sartanova N.T., Amantayeva R.K., Baizhanova L.A-N. The power of lifelong learning: improving teamwork, time management, and decision making in today's educational organizations</i> .....	140
<b><i>ANNIVERSARY CONGRATULATIONS</i></b> .....	149
<b><i>INFORMATION FOR AUTHORS</i></b> .....	157

**Редактор, корректор:** *А. Симонова*  
**Корректорлар:** *Б. Сыздыкова, Т. Цай*  
**Компьютерлік беттеу:** *С. Красикова*

**Редактор, корректор:** *А. Симонова*  
**Корректоры:** *Б. Сыздыкова, Т. Цай*  
**Компьютерная верстка:** *С. Красикова*

---

---

Басуға 14.10.2024 ж. берілді.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.  
Тапсырыс № 071

Подписано в печать 14.10.2024 г.  
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.  
Заказ № 071

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университетіндегі  
редакциялық-баспа бөлімінде басылған  
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Костанайского регионального университета  
имени Ахмет Байтұрсынұлы  
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47